

**Саламатов Ш.,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
заң факультетінің 3 курс студенттері**

*Ғылыми жетекшісі: эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасының аға оқытушысы Даубасова С.Ш.*

КРИМИНОЛОГИЯНЫҢ ӨЗГЕ ҒЫЛЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ РӨЛІ

Криминология – латын тілінен қылмыс, логос – грек тілінен ілім деп аударылады [1]. Заң әдебиетінде криминология ғылымына берілген бірқатар анықтамалар бар. Солардың арасынан А.А.Герцензон, В.Н. Кудрявцев, Г. И. Шнайдерді көрсетуге болады. Криминология ғылыми танымға бағытталады. Криминология – ғылым ретінде қылмысты зерттеу және бағалау өзгерісін, аймақтық және әлеуметтік-топтық айырмашылығын, криминологиялық зерттеулердің тәсілі мен әдістерін анықтау.

Қылмыс - қоғамдық пікірді алаңдататын әлеуметтік мәселелердің қатарын құрайды. Бүгінгі таңда криминология жеке ғылым саласы ретінде өз қажеттілігін дәлелдеді. Криминолог мамандардың көптеген ұсыныстары экономистерге, әлеуметтанушыларға, заңгерлерге арнайы ғылыми таным негізінде криминалдық көріністердің алдын алу үшін ұсынылады. Криминолог мамандардың зерттеулерінің нәтижесінің қолданыстық маңызы қылмыстық, соттық статистика, қылмыстық психология үшін де аса қажет болып табылады. Криминологияның құқықтану, философия, саясаттану, экономика, демография, әлеуметтік және жалпы психология сияқты қоғамдық ғылымдармен де байланысы бар.

Криминология мен өзге ғылымдардың байланысы мәселесі ұзақ уақыт пікірталас тудырды. ХХ ғасырдың 20-шы жылдары ғылымнан тыс қалған бұл ғылым саласы 60-шы жылдары қайта оралды. Қазіргі кезде Г.И. Шнайдер криминологияны пәнаралық ғылымға жатқызып, криминолог - заңгер әрі қоғамтанушы болуы қажет екендігін көрсетеді [2]. Бұл мәселеге байланысты бірнеше көзқарастар бар: Біріншісі, криминологияда қылмыстың әлеуметтік негізін қарастырады. Мысалы, АҚШ пен Ұлыбританияда криминологиямен заңгерлер емес, әлеуметтанушылар айналысады. Екінші көзқарас, криминологияны заң ғылымына жатқызады. Шығыс Еуропа мен Ресей университеттерінде криминологияны заң мамандықтарының бір саласы ретінде, заң факультетінде оқытады. Үшінші көзқарас бойынша криминологиялық зерттеу бұл ең алдымен адамның тәртібі, сондықтан онымен психологтар мен психиаторлар айналысуы қажет [3].

Төртінші көзқарас, криминологиялық зерттеуді пәнаралық деп есептейді. В.Б. Першин, А.Н.Подрядов «Криминология – әртүрлі білім мен

тәсілдердің, жүйенің біртұтастықты қалыптастыру мүмкіндігі. Пәнаралық ғылыми зерттеу қызметінің ерекше жүйелік түрі», - деп есептейді [4].

Ресейде криминология заң саласы шеңберінде дамып, қылмыстық құқықтың жалпы теориялық ғылымы саласын қалыптастырды. Бұндай байланыстардың қатарын жалғастыра беруге болады. Себебі, қылмыс қоғам өмірінің барлық саласын қамтиды және қоғамдағы адам тәртібімен байланысты. Қылмысты зерттеуде танымның жалпы ғылыми және арнайы тәсілдері қолданылады.

Қылмысқа болжау жасау – болашақтағы қылмыстық өзгерісіндегі ұстанымдармен заңдылықтарына баға беру, шолу жасау. Қазіргі криминология, қылмысқа болжау жасау мүмкін, әрі бұл аса қажет деп есептейді. Болжау жасау, болашақ туралы пікір айту емес, қазіргі ғылым құралы арқылы үрдістер мен оның дамуына жүйелі зерттеу жасау мүмкіндігі. Болжаудың құндылығы сонда, алғашқы мәліметтің шығу көзіне сай, қажетті шындықты қалыптастырады. Қылмысқа болжау жасау, ең алдымен тәжірибе үшін қажет.

Криминологиядағы алдын алу деп қылмыстардың жасалу себептері мен шарттарын айқындау тәсілдерінің, сонымен қатар, жаңа қылмыстардың жасалуына кедергі туғызатын, тыятын немесе нақты тұлғалардың қылмыстық әрекеттерді жасауын қиындататын профилактикалық шаралар жүйесін айтамыз. Қылмыстылықпен күрестің аталған нысандары көптеген елдердің криминалистері үшін дәстүрлі болып табылады.

Криминологияда, сондай-ақ қылмыстылыққа қарсы күресте оның алдын алу міндеті бірінші орынға қойылады. Заң ғылымдарынан өзгеше түрде криминология қылмыстылықтың алдын алудың, оны болдырмаудың құқықтық шараларын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тәрбиелік, т.б. шараларын да әзірлеуге қатысады. Криминологиялық зерттеу әдістемесінде жалпы ғылыми тәсілдер - нысанды логика, анализ бен синтез, индукция мен дедукция, ұқсастыру, үлгілеу, т.б. - социологиялық таным тәсілдері - сауалдама, сұхбаттасу, сынақтама, құжаттарды зерделеу, қадағалау, эксперимент жүргізу, әлеуметтік-құқықтық ақпарат алу әдістері қамтылады. Криминологиялық зерттеулерде ең алдымен, қылмыстық статистика тәсілдері маңызды рөл атқарады. Демек, криминология құқықтық ғылымның мәліметтерін, сондай-ақ социология ғылымының, философияның, экономиканың, әлеуметтік психологияның, педагогиканың ережелерін пайдаланатын кешенді пән болып табылады.

Әлеуметтік функциясымен және ғылымдар жүйесіндегі орнымен ескертілген криминалистиканың жалпы міндеті криминалистиканың ішкі құрылымы мен әдістемесін сипаттайтын бірқатар жеке міндеттердің болуын қарастырады. Мұндай міндеттердің қатарына мыналар жатады: қылмыстардың жасалу тәжірибесі және оларды тергеу бойынша қызметте жалпы және жеке, объективті заңдылықтар мен құбылыстарды зерттеу; криминалистиканың ғылыми аппаратын қалыптастыру және жетілдіру; қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алу бойынша тәжірибелік қызметтің тәсілдерін қалыптастыру және жетілдіру.

Криминология пәнін дұрыс анықтау үшін қылмыскердің әрекеті және қылмыстарды ашу бойынша қызметтің құрамында басқа ғылымдардың пәні болып табылмайтын криминологияның тәсілдерімен зерттелуге жататын аспектілерді және элементтерді бөліп алу қажет. Қылмыстық әрекет, қылмыстық оқиға, үрдіс, фактілер, ашу, тергеу бойынша қызмет криминологияның зерттейтін негізгі пәні болып табылады. Негізінен, криминология негізгі төрт бөлімнен тұрады: криминологияның жалпы теориясы, криминологиялық техника, криминологиялық тактика, криминологиялық әдістеме. Жалпы бөлімнің міндеті болып криминологияның жалпы теориясы мен әдістемесін құру табылады. Криминологиялық техника қылмыстық әрекет құрамындағы тетіктердің материалдық өзара әрекеттестігін және тергеу кезінде оларды зерттеу тәсілдерін зерттейді. Криминологиялық тактика қылмыстық әрекеттің дайындық аспектілерін, сондай-ақ тергеудің рационалдық тәсілдерін зерттеуді өз алдына міндет етіп қояды.

Криминологиялық әдістеменің пәні болып жекелеген қылмыстардың түрлерін жасаудың ерекшеліктерін және оларды ашу, тергеу және алдын алу бойынша іс жүргізу әрекеттерінің кешенді жүргізілуі бойынша нұсқамаларды құру табылады. Тиянақтаудың, зерттеудің және пайдаланудың арнаулы тәсілдері, әдістері мен құралдары жүйесін жасақтайды. Бұл тәсілдер мен әдістер қылмыстық сот ісін жүргізуде қылмыстарды алдын алу, анықтау және тексеру үшін қолданылады, сондай-ақ, қылмыстық, кей жағдайларда азаматтық істерді сотта қарау үшін пайдаланылады. Қазіргі заманғы маңызды тараулары – жалпы теориясы, техника, қылмыстың жекелеген түрлерінің алдын алудың тактикасы мен әдістеме техника дәлелдемелерді жинау, тиянақтау және зерттеудегі арнаулы тәсілдер мен ғылыми-техникалық құралдар жүйесін қамтиды. Криминологияның бұл тарауына сот баллистикасы, трассология, соттық қолтаңбатану, дактилоскопия, оттық фотография, криминологиялық сараптама техникасы, криминологиялық одорология жатады [5].

Криминологиялық тактика – іс бойынша нақты ахуалды ескере отырып, әрбір тергеу мен соттық іс-әрекеттің шұғыл іздестіру шараларының мүмкіндіктерін неғұрлым тиімді пайдалану тәсілдерінің жүйесін жасақтайды. Криминологиялық тактиканың тәсілдері тергеу іс-әрекеттерін жүргізу: тергеушілік тексеру, тергеу эксперименті, тану, жауаптау, т.б. кезінде кеңінен пайдаланылады. Қылмыстың нақты түрлерін (кісі өлтіруді, ұрлықты, тонауды, өртеуді) тексеру барысында қолданылатын тәсілдердің, әдістер мен құралдардың жиынтығы криминалистиканың айрықша тарауын – қылмыстың жекелеген түрлерін тексерудің әдістемесін құрайды. Криминология қылмыстарды болдырмаудың және ашудың стратегиясын, шұғыл, тактикалық және техникалық әдістерін зерделейді, қылмыстың жасалуының объективті және субъективті мән-жайларын жан-жақты зерттейді. Объективті мән-жайларда қылмыстың жасалған жері, уақыты, жасалу барысы, т.б. қамтылады. Субъективті мән-жайларға қылмыскердің өзіне қатысты мән-жайлар жатады, олар: қылмыс жасауға түрткі болған себеп

(уәж), қылмыс жасау кезіндегі психикалық күй; қасақылық (қылмысты саналы түрде жасау), абайсыздық [6]. Криминологияның принциптері бойынша қылмыс жасауға қандай сыртқы және ішкі себептер түрткі болды? – деген сауалдардың айқын жауап-шешімі табылуға тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Коробейников Б.В. Криминология. М. 1988
2. Кудрявцев В.Н. Курс советской криминологии: предупреждение опасности. М. 1986
3. Шнайдер Г. И. Криминология, М. 1994.
4. Першин В.Б. Прогнозирование и организация борьбы с преступностью. М., 1972.
5. Абуов А.Ғ. Криминалистика негіздері. Алматы, Жеті жарғы, 2004.
6. Алауханов Е.О. Криминология. Алматы, Жеті жарғы, 2005.